

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/JWNE6227>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Каббасова А. Т., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.23.09

<https://doi.org/10.48081/GTJR6038>***З. Е. Жумабаева¹, А. А. Шаяхметова², Г. М. Кажикенова³**¹Астана Халықаралық университеті (AIU),

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

²Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті

Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

³Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3778-469X>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4672-988X>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5329-0038>*e-mail: zezh@mail.ru

ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТ АЛАҢЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ДАМУ ТУ ДИДАКТИКАСЫ

Аталмыш мақалада баланың шығармашылық қабілетін дамыту теориясы мен практикасы, зерттеушілік жоба технологиясын пайдалану парадигмасы, құралдары, ғылыми-дидактикалық негіздері қарастырылған. Ұсынылып отырған мақалада баланың шығармашылық қабілетін зерттеушілік жоба технологиясы арқылы дамыту түрлері жайында ақпараттар жинақталған. Жұмыс барысында зерттелген ғылыми еңбектердегі мектепке дейінгі жастағы баланың шығармашылық қабілетін дамытуға қатысты ғылыми-дидактикалық тұжырымдар зерделеніп, жинақталып, мақалада орын алған. Теория және практика үдерісіндегі баланың шығармашылық қабілетін зерттеушілік жоба технологиясы арқылы дамыту көріністерінің бірішама бірліктері сараланып, қазіргі білім беру жүйесіне енгізілген зерттеушілік жоба технологиясының маңыздылығы аталынған. Дамыту мен тәрбиелеу үдерісінде практиканы іске асыру жайындағы дефиницияға қатысты бірішама ұғымдарға, анықтамаларға шолу жасалынған, талданып, жинақталып, Дж. Дьюидің идеясын кең көлемде ашуға ұмтылыс жасалынған. Мақалада баланың шығармашылық қабілетін дамыту

құралы – зерттеушілік жоба технологиясы екенінің мән-мағынасына қатысты зерттеу барысында айқындалған ұстанымдар аталып өтілген. Зерттеушілік жоба технологиясы мектепке дейінгі жастағы балалардың дамыту құралы ретіндегі мәселе жан-жақты айқындалып, түйінді идеялар сомдалған. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру үдерісінде орындалатын зерттеушілік жоба технологиясының түрлері мектепке дейінгі жасағы балалардың ерекшеліктеріне бейімделінетін формалары ұсынылған: зерттеушілік жоба технологиясы, шығармашылық зерттеушілік жоба технологиясы, нормативтік зерттеушілік жоба технологиясы деп жіктелген форматы мақалада көрініс тапқан.

Кілтті сөздер: шығармашылық қабілет, дамытудың дидактикасы, зерттеушілік жоба технологиясы, «іс-әрекет арқылы оқыту» концептісі.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану кезеңінде заман талабының өзгеруіне байланысты бала тәрбиесінде біршама өзгерістер орын алуда. Елімізде жеке дамудың негізгі құндылықтары, яғни жеке тұлғаның мінез-құлқы мен күнделікті қызметін ынталандыратын, бірнеше тілдік әлеуетті қолданудан толыққандылықты танытатын тұрақты жеке даму бағдарлары мен даму кеңістіктері де аз емес: «қазақстандық патриотизм»; «азаматтық жауапкершілік»; «құрмет пен ілтипаттылық»; «ынтымақтастық пен толеранттылық»; «еңбексүйгіштік және шығармашылық»; «тұлғалық ашықтық»; «білімдену мен өзіндік білімдену»; «өмір бойы білімдену» [1].

Бала тәрбиесі қай кезде болмасын өзекті болғандықтан ерте балалық шақтан, яғни мектеп жасына дейінгі кезеннен бастап баланың немен айналысатынына және қандай қызығушылықтары бар екендігін анықтап, сол арқылы жан-жақты шығармашыл тұлғаны қалыптастыра білуіміз қажет [2].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» бекітілген. Модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы. Аталмыш модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау [3].

Бұл мақсатты жүзеге асыру жолында білім беруді дамытып, дамыту мен тәрбиелеу үдерісінде практиканы іске асыру, инновациялық ойлау,

шығармашыл болуды жетілдіру қажет екенін заман талабына сай білім парадигмалары айқындай түседі. Қазақстан Республикасы азаматтарының білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндеттері белгіленген:

1) «құлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары, ғылым мен практика жетістіктерінің жеке адамды қалыптастырып, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілігі мен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру арқылы ой өрісін байыту», – деп атап көрсетілген [4].

Осы міндетке сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамытып, алған білімдерін өз тәжірбиесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктілігін, ізденімпаз, шығармашылыққа бейім тұлға қалыптастырудың бірден-бір дидактикалық ресурсы – зерттеушілік жоба технологиясы. Осы мүмкіндікті мектепке дейінгі жастағы баланың даму алаңында, өзіндік шығармашылық қабілетін ашу үдерісінде ендіріп, кеңінен қолдануымыз қажет. Мектепке дейінгі мекемеде балалардың дамуы мен тәрбиелеу үдерісінде ойын әрекетін ұйымдастыру тәрбиешіден жоғары деңгейдегі кәсіби біліктілікті талап етеді. Тәрбиеші алдағы іс-әрекетін жобалап, ол қандай мақсатқа бағытталған және оның тиімділігі неде екенін нақты жоспарлауы тиіс. Зерттеушілік жоба технологиясы, біріншіден, балаға зерттеушілік іс-әрекет алаңында шығармашылық жұмыс жасауға мүмкіншілік ұсынады, екіншіден, өз бетінше орындайтын, проблемалық жағдайды шешуге бағытталған шығармашылық өнім жасаумен аяқталатын іс-әрекеттер кешенін құрады. Зерттеушілік жоба технологиясын баланың мектепке дейінгі жас ерекшелігіне сәйкес, балабақша үдерісінде қолдануға бейімделген нұсқасын даму мен тәрбиелеуге ұсыну қажет.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Үлгілік бағдарлама талаптарын орындау – мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу алаңында педагогикалық үдерістің дұрыс бағдарлануы, бала шығармашылығын дамытуды ойын қағидаты негізінде тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда зерттеушілік іс-әрекет алаңы, оның ғылыми-дидактикалық және практикалық негіздері, арнайы бейімделген моделі балабақша үдерісінде белсенділікті, балабақша балаларының даму деңгейлері сапасын көтерудің, шығармашылық қабілетті дамыту дидактикасының жаңа мүмкіндіктері.

Зерттеу тақырыбы бойынша жазылған ғылыми-педагогикалық, педагогикалық-психологиялық ұстанымдарды жіктеу, жинақтау;

педагогикалық тәжірибе, оқу-әдістемелік әдебиеттерге, мемлекеттік нормативтік құжаттарға, оқу-танымдық ресурстарға теориялық шолу; талдау жасау; ретроспективалық талдау; эксперимент; сандық-сапалық сараптау. және т.б. әдістер қолданымда болды.

Материалдар мен әдістері

Зерттеушілік іс-әрекет алаңында шығармашылық қабілетті дамыту дидактикасының құрамдағы шығармашылық тапсырма, шығармашылық іс-әрекет, зерттеушілік жоба технологиясы – мектеп жасына дейінгі балалардың жеке дамуына сүбелі үлес қосатыны сөзсіз. Ол дегеніміз балабақша білім беру үдерісінде шығармашылыққа қатысты дидактикалық тапсырмалар ұсыну. Зерттеушілікке баулуға ықпал ететін тапсырмалар баланың жас және жеке ерекшеліктеріне, қабілетінің даралық деңгейіне сәйкес берілуі өте маңызды.

Зерттеушілік жоба технологиясы алаңында шығармашылық қабілетті дамыту дидактикасы – балабақшадағы балалардың іс-әрекеттерін шығармашылық бағытта қалыптастырудың бірде-бір формасы. Зерттеушілік жоба технологиясының мақсаты – балалардың жеке басының қабілетін дамытуға бағытталған білім мазмұнын тәжірибелік іс-әрекет арқылы зерттелген материалдармен толықтыру. Субъектінің әішкі сұранысын, ішкі дүние қажеттілігін шешетін, танымдық қызығушылығын арттыратын, білімді меңгеруде өздігіннен белсенділік танытуға ынталандыратын, нәтижелі-шығармашылық іс-әрекетке түсуге жұмылдыратын, өздігінен қорытынды жасай білуге қабілетті тұлға қалыптастыру ресурсы.

«Тәжірибелік іс-әрекет» қағидатына негізделген ұстанымды білім берудің басты бағыты ретінде пайдалану – қазіргі білімдендіру кеңістігінде бірінші орынға шығып отыр. Зерттеу үдерісі барысында бұл принцип Дж. Дьюидің прагматикалық педагогикасынан бастау алғанын көптеген зерттеушілердің еңбектерінен байқаймыз [5-7]. Прагматизм – «білімнің мазмұнын оның практикалық нәтижелері арқылы», «Практика мен ақиқатты субъективтік тұрғыдан түсіну, ... ұғымды (идеяны) іс-қимылдың «құралы» ретінде анықтау [8]. Прагматизм ұстанымдарында тәрбиелу мен оқыту жалпылама глобальды (перспективалық) қоғамдық мақсатқа жетуді көздеген емес, баланың өзінің қажеттілігін қанағаттандыратын мақсат-мүдделерді орындау болып табылады («прагматисты отрицают перспективные цели воспитания, а говорят лишь о «непосредственных целях», вытекающих из данной ситуации и связанных с удовлетворением потребности ребенка, ... «не к изменениям общества, а подготовке детей к жизни в условиях» действующей формации общества) [9].

Ретроспективалық талдауды әдісін пайдалану барысында прагматикалық педагогиканың авторы ретінде философ, саясат мәселелері бойынша

біршама идеялар мен еңбектердің авторы, танымал ғалым-педагог Джон Дьюидің «обучение через деятельность» («іс-әрекет арқылы оқыту») сынды педагогикалық ұстанымына назар аудармау мүмкін емес екенін көптеген зерттеушілер де атап отырғаны баршамызға мәлім. Бұл идея бүгінгі күнге дейін шетел педагогикасында ресми форматта басты бағыт-бағдарға ие болып, әлем тәжірибесінде концептуалдық идея ретінде орын алған құбылыс, яғни американдық мектептер осы бағыт-бағдар қағидаттарының негізінде (тәжірибелік-зерттеушілік әрекетті орындау) тәрбиелеу мен оқыту үдерісін ұйымдастыруда. Білім мазмұнындағы теорияны тәжірибеден өткізу алаңында іске қосу, қыр-сырын зерттеп тану, есту ғана емес, ең алдымен «ұстау», «көру», «зерделеу», «менің мақсат-мүддемді шешуге» қандай үлес қосатына дейін талдау, біліп алу. Джон Дьюидің «іс-әрекет арқылы оқыту», тәжірибемен оқыту ұстанымын, идеяның іске асырылуын жалғастырған У. Х. Килпатрик «жобалау» концептісінің мән-мағынасына назар аудартып, Д. Дьюидің прагматикалық педагогикасындағы басты идеяны жан-жақты дамыта отырып, «жобалау әдісін» оқыту үдерісіне енгізген [10]. Колумбия университетінің мұғалімдер колледжінің профессоры В. Х. Килпатриктің түйінді ойы: балалар өздерінің қызығушылықтарына сүйене отырып, кез-келген мәселені жоба форматында қарастырып, шешімін практикалық әрекеттер жасау арқылы орындайтындығына акцент жасаған, яғни нақты іс-шараларға қатыса отырып, жаңа білімді игерді. Автордың ұстанымы бойынша бүкіл оқу үдерісі бір тәжірибе нәтижесінде алынған білім бірқатар кейінгі тәжірибелерді дамытуға және білімі өнімді байытуға қызмет ететіндей болуы керек. Оқыту мен тәрбиелеу мақсатталған әктілерді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылуы керек: мәселені қою – іске асыру жоспарын жасау – орындалуын бағалау [11].

Жобалау технологиясы, баланың шығармашылық қабілетін дамыту жайындағы мәселелер XX, XXI ғасырларда көптеген зерттеушілердің назарларынан тыс қалмаған. Заманауи білім беру технологиялары балалардың өз бетінше іздену, талдау және практикалық жағдайларда білімін қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін шағын жобалар арқылы Lesson Study форматымен үйлестіре отырып дамыту оқу-тәрбие процесін жүйелі бақылау, талдау және жетілдіру есебінен жоғары тиімділікті қамтамасыз етеді. Оқытудың бұл форматы балалардың оқу процесіне жоғары қатысуын қамтамасыз етеді; ынтымақтастық, сөйлеу, қиялдау дағдыларын дамыту; ұжымдық рефлексия есебінен мұғалімдердің жоспарлау сапасын арттыру. [12-18].

Мектеп жасына дейінгі балалармен зерттеушілік жоба технологиясын ұйымдастыруда, Н.Е. Вераксаның ұстанымдары бойынша, тәрбиешінің басты

міндеттерінің бірі – балалардың бастамасын қолдау. Баланың бастамасы міндетті түрде танымдық компонентті қамтиды. Танымдық бастама бала-экспериментатордың алдына қойған міндетін емес, өз міндетін шеше бастаған кезде көрінеді. Балалардың танымдық бастамасының көрінісі үшін жағдай жасау мүмкіндігі – тәрбиешінің жобалау технологиясын ұйымдастыруға дайындығының маңызды сәті. Зерттеушілік жоба технологиясы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетіне байланысты балалар өз бетімен, дербес шығармашылықта ұжыммен белсенді жұмыс жасау үшін, ересек топ балалары үшін қоршаған ортаға деген қызығушылықты дамытудың құралы. Бұл технология дамыту мен оқытуда жаңа мәліметтерді балалар шығармашылығында қолдана отырып, балалар бойындағы белсенділікті арттыру, белгілі бір мәселені шешуге, қорытынды жасауға, оқу немесе басқа да әрекеттерді дамытуға ықпал етеді. Зерттеушілік жоба технологиясы әдісі арқылы оқыту мен дамытудың репродуктивтік оқу әрекеттерін біртіндеп имитациялық әрекеттерге көтеріп, білім мазмұны заңдылықтарын және жинақталған ұлттық мәдени мол мұраны баланың ішкі құндылықтар жүйесіне енгізудің тиімді жолы [19].

Д. И. Мухатаеваның «Социально-педагогическое сопровождение процесса формирования проектной компетентности студентов в системе университетского образования» айдарымен дайындалған диссертациялық зерттеуінде жобалау құзыреттіліктің болуы және оның білім алушының бойында қалыптасуының моделі мен диагностика жүргізу әдістемесі ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделіп, практикалық жаңаланған ұстанымдарды енгізген [20].

Мектепке дейінгі жастағы баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту «қабілет» ұғымының мағынасына келіп сайды, психология тарапынан қарастырған болсақ қабілет екі түрлі деңгейде болады: бірі шығармашылық қабілет. Ол – жаңа нәрсені ойлап табу бағытындағы қабілет. Мектепке дейінгі жастағы балаға дұрыс бағыт-бағдар бере отырып, баланың өз бетімен жұмыс істеуіне қолдау көрсету маңызды әрекет.

Шығармашылық тапсырма баланың жас ерекшеліктеріне, оның қабілетінің даралығына сәйкес болуы – басты шарттылық және балабақшадағы балалардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда зерттеушілік жоба технологиясын қолдану жеке тұлғалық қабілеттерді дамытудың арнайы ресурсы.

Зерттеушілік жоба технологиясының мақсаты – танымдық қызығушылықты, білімді меңгеруде өзіндік белсенділікті ынталандыратын, нәтижелі-шығармашылық іс-әрекетке түсуге жұмылдыратын, өздігінен қорытынды жасай білуге қабілетті тұлға қалыптастырудың құралы.

Шығармашылыққа арналған тапсырманың деңгейі, көлемі әр бала үшін оның қажеттілігі, қызығушылығы мен талғамына сәйкестікте болуы шарттылықтық бірі. Балабақша педагогі алдында тұрған міндет – баланың шығармашылық дәрежесін тұрақтандыру, арттыру. Сол себепті педагог әр баланың даму картасындағы диагностика көрсеткіштеріне де аса назар аудара отырып, шығармашылық қасиеттерді бастапқы деңгейден алға жылжуына жол ашатын бағыт-бағдарда жұмыс жүргізуі тиіс. Шығармашылық қабілетті балабақша траекториясында дамыту тәрбиешінің кәсіптік даярлығына, іскерлігіне, педагогикалық шеберлігіне байланысты.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі таңда балаға ақпарат көздері өте көп, педагогтің міндеті – балаға қажетті ақпаратты алуға, жаңа білімді меңгеруге, дамуына көмектесу. Зерттеушілік жоба технологиясын іске асыру кезінде шығармашылықта жұмыс істеу түрлері: табиғи материалдармен ойындар, сурет салу, ермексизден мүсіндеу, жапсыру және т.б. шығармашылық дағдыларды затты немесе құбылысты танып-білу әрекеті арқылы қалыптастыру.

Зерттеушілік жоба технологиясы – білім беру мазмұнының кез келген бағыты бойынша іздестіру, зерттеу, практикалық міндеттерді шешу үшін белгілі бір жоспар бойынша жүргізілетін іс-әрекет. Зерттеушілік жоба технологиясының мақсаты балалардың өзіндік зерттеу, танымдық, өнімді қызметі болып табылады. Зерттеу барысында бала қоршаған әлемді танып, жаңа білімді нақты өнімдерге айналдыра алады. Кез келген бала – туғаннан бастап әлемді тануға бағытталған кішкентай зерттеуші. Зерттеуге деген ішкі ұмтылыс зерттеушілік мінез-құлықты туындатады және баланың өзін-өзі дамыту процесіне айналуы ықтимал.

Зерттеушілік жоба технологиясының зерттеу тақырыптары табиғат және табиғат құбылыстары туралы; жануарлар мен өсімдіктер, олар жайындағы құбылыстар туралы түсініктерді аша отырып, мына мақсаттарды шешуге бағыттала отыруы ықтимал:

- балалардың тіршілік иелеріне қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу;
- табиғат сұлулығы мен әсемдігіне байланысты эстетикалық сезімдерін қалыптастыру;
- сөйлеу дағдыларын дамытудың міндеттерін орындау;
- жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасаудың тәжірибелік дағдыларын дамыту;
- ойын әрекетінде өсімдіктер мен жануарлар туралы игерген білімдерін іс-қимылмен көрсете білу.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған зерттеушілік әрекет технологиясын шартты түрде 3 категорияға бөлуге болады, бірақ олардың өздеріне тән ерекшеліктері мен қасиеттері бар:

- зерттеушілік жоба технологиясы;
- инновациялық зерттеушілік жоба технологиясы;
- нормативтік зерттеушілік жоба технологиясы.

Зерттеушілік жоба технологиясы, инновациялық зерттеушілік әрекет технологиясы, нормативтік зерттеушілік жоба технологиясының 4 ұқсастықтары мен жалпылама ерекшеліктері бар, оларға төмендегідей аспектілер жатады:

- 1) шешілмеген, арнай шешімді табуды талап ететін жағдайаттың (мәселенің) болуы;
- 2) уәждену үдерісінің болуы (қызығушылықпен алмастыруға болмайды), яғни арнайы айқын мақсаттың болуы;
- 3) тәрбиеші мен тәрбиеленуші бірге нені анықтау үшін зерттеу жүргізу қажет екенін нақты жіктеп, рәсімдеулері жолдарының болуы;
- 4) күтілетін нәтиженің кімге немесе неге арналатынын алдын-ала белгілі болуы.

Мектепке дейінгі жастағы балалар арасында қолданылатын зерттеушілік жоба технологиясы балалардың шығармашылық қабілетін дамытудың арнайы қағидаттарына негізделуі ықтимал. Олар: жеке дамудың негізгі құндылықтарын сақтау, шығармашылық қабілетті дамыту, зерттеушілікті дамыту, ұжымдық және жеке шығармашылықты дамыту, отбасымен ынтымақтастықты дамыту қағидаттары.

1-кесте – Мектепке дейінгі жастағы балалар арасында қолданылатын зерттеушілік жоба технологиялары

Зерттеушілік жоба технологиясы барысында шығармашылық қабілеттің дамытудың қағидаттары	Зерттеушілік жоба технологиясы барысында мектепке дейінгі жастағы баланың шығармашылық қабілетінің даму көрсеткіштері
Жеке дамудың негізгі құндылықтарын сақтау қағидаты	Мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлға ретінде қиялы мен шығармашылық мәдениетін дамытудың көрсеткіштері: - қазақстандық патриотизм; - азаматтық жауапкершілік; - құрмет пен ілтипаттылық; - ынтымақтастық пен толеранттылық; - еңбексүйгіштік және шығармашылық; - тұлғалық ашықтық.
Шығармашылық қабілетті дамыту Қағидаты	- Керативті ойлау. - Сын тұрғысынан ойлау. - Білімдену мен өзіндік білімдену. - Дамушы ортаны іске қосу тетігін пайдалану. - Жобалау технологиясы барысында шығармашылық белсенділіктің болуы.
Зерттеушілік қабілетті дамыту Қағидаты	- Білім беру салаларының мазмұнын интеграциялау мүмкіндігі пайдалану. - Күтілетін нәтижелерге барынша қол жеткізу. - Жобалау технологиясы барысында зерттеушілік белсенділіктің болуы.
Ұжымдық және жеке шығармашылықты дамыту қағидаты	Жобалау технологиясы қызметінде идеяны орындауда: - жеке жұмыс жүргізу дағдыларын пайдалана білу; - жұппен жұмыс жүргізу дағдыларын пайдалана білу; - топпен жұмыс жүргізу дағдыларын пайдалана білу.

Отбасымен ынтымақтастықты дамыту қағидаты	- Ата-аналар балабақшада арсындағы шығармашылық -ынтымақтастықтың орнатылуы. - Балаларының көркемдік және шығармашылық дамуына жайлы жағдай туғызылуы. - Уәждену мен зерттеушілік ынтасын тудыратын жайлы жағдай туғызылуы. - Бала мен отбасының бірлескен зерттеу жұмысын орындауда арнайы жұмыс формалары қолдана алу. - Өмір бойы білімденуді насихаттау.
---	--

Жоғарыда зерттелген теориялық негіздемелерге сүйене отырып, зерттеушілік жоба технологиясымен жұмыс жүргізу төмендегі алгоритмге сәйкес жүргізіледі.


2-кесте – Зерттеушілік жоба технологиясымен жұмыс кезеңдері

Зерттеушілік жоба технологиясымен жұмыс кезеңдері	Ж е т е к ш і л і к т е а т қ а р ы л а т ы н қызметтер	Балалардың өзіндік қызметі
1 кезең	1 Зерттеу тақырыбын шығару. 2 Мақсат қою. 3 Мақсатқа сәйкес жоспар құрады. 4 Күтілетін нәтижені шығару. 5 Жоба міндеттерін шығару. 6 Т а п с ы р м а н ы талқылау.	1 Мәселеге ену. 2 Жоба міндеттерін толықтыру. 3 Жоба міндеттерін қабылдау. 4 Ойын жағдайына зерттеу жүргізу.

2 кезең	1 Тапсырманы орындауға көмектесу. 2 Балаларды жұмыс топтарына біріктіру. 3 Зерттеу жүргізуге ыңғайлы орта мен жағдай туғызу.	5 Топпен, жұппен, жеке жұмысқа кірісу. 6 Тапсырмаларды орындау
3 кезең	1 Практикалық көмек (қажет болған жағдайда). 2 Зерттеу жұмыстарын жүргізуді басқару және бақылау	7 Білім, іскерлік, іздемпаздық, шығармашылық дағдыларын дамыту.
4 кезең	1 Күтілетін нәтижені зерделеу 2 Ресімдеуге ұсыныстар ұсыну. 3 Жариялауға жағдай туғызу.	8 Күтілетін нәтижеге жету. 9 Ресімдеу 10 Өз зерттеу (шығармашылық өнімін) жұмысын қорғау (көрмелерге шығару, көрермендерге немесе сарапшыларға) ұсыну


Зерттеу барысында біршама сараптамалар жүргізіліп, ұсынылып отырған ұстанымдардың тәжірибелік форматына жүзеге асырылуы қарастырылды. Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілетінің дамыту жолдары қарастырылды.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілетінің дамыту үшін әр баланың қалауы бойынша зерттеуге арналған тақырыптар талданып, бекітілді. Ис-әрекеттік тәжірибені даму мен тәрбиелеуге енгізіп, зерттеушілік жоба технологиясының мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған зерттеушілік жоба технологиясы, шығармашылық зерттеушілік жоба технологиясы, нормативтік зерттеушілік жоба технологиялары сынды зерттеу түрлері жүргізілді және олардың баланың шығармашылық қабілетінің дамуына қосқан үлесі жинақталды. Бақылау және эксперимент топтарындағы көрсеткіштері салыстырылды



1-сурет – Зерттеушілік жоба технологиясы барысында мектепке дейінгі жастағы баланың шығармашылық қабілетінің дамуының анықтаушы кезеңіндегі салыстырмалы диаграммалық көрсеткіштері

Зерттеу барысында ұсынылып отырған ұстанымдардың тәжірибелік жұмыста қарастырғанан кейінгі нәтижелердің сандық-сапалық көрсеткіштері жинақталды, талданды. Соңғы нәтижелер көрсеткіштері зерттеушілік жоба технологиясын пайдалану арқылы дейінгі жастағы баланың шығармашылық қабілетінің дамытуға болатынын растады.



2-сурет – Зерттеушілік жоба технологиясы барысында мектепке дейінгі жастағы баланың шығармашылық қабілетінің даму деңгейінің соңғы салыстырмалы көрсеткіштері

Қорытынды

Мектепке дейінгі жастағы баланың шығармашылық қабілетін дамыту құралы – зерттеушілік жоба технологиясының бала жас ерекшеліктеріне сайланған зерттеушілік жоба технологиясы, шығармашылық зерттеушілік жоба технологиясы, нормативтік зерттеушілік жоба технологиясы түрлерінде жүргізілуі тиіс. Қазіргі кезеңде қажетті ақпараттардың жылдам өзгеруі мен баланың шығармашылық қабілетін дамыту үдерісінің жан-жақты болуы өзектілікке айналған уақытта зерттеушілік жоба технологиясын балабақша үдесінде жүйелеп жүргізген дұрыс.

Мақалада баланың шығармашылық қабілетін зерттеушілік жоба технологиясы арқылы дамыту жайында теориясы мен тәжірибесі, түрлері жайындағы ұстанымдар зерттеліп, сыни талдаудан өткізілген. Теория және тәжірибе үдерісіндегі баланың шығармашылық қабілетін зерттеушілік жоба технологиясы арқылы дамыту көріністерінің біршама бірліктері зерделенген. Зерттеушілік жоба технологиясы мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту құралы ретінде сомдала отырып, мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үдерісінде міндетті түрде пайдалану қажет екені ұсынылған.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жумабаева, З. Е., Амирханова, Б. О.** Жаңартылған білім мазмұны аясында пәнаралық байланыс орнату // Научный журнал «Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана серия «Филологические науки», г. Алматы, – 4 (63). – 2021. – 153–163 б. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1>

2 **Амонашвили, Ш. А.** Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьников, – М., 1984. – 296 с.

3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» бекітілген. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

4 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

5 **Валеева, Л. А.** Становление и реализация дидактической системы Джона Дьюи. Специальность 13.00.01 – общая педагогика, история педагогики и образования : Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук, 2008г., Казань.

6 **Томина, Е.Ф.** Педагогические идеи Джона Дьюи : история и современность. // Вестник ОГУ. – №2 (121)/февраль 2011. – С. 360–366.

7 **Щупленков, О. В., Щупленков, Н. О.** Идеи солидаризма в концепции построения гражданского общества в России // *ВВ: Проблемы общества и политики.* – 2013. – № 8. – С. 72–137.

8 *Философиялық сөздік /Рекол: Р. Н. Нұрғалиев, Ф. Ф. Ақмамбетов, Ж. М. Әбділдин ж.б. – Алматы: «қазақ энциклопедиясы». 1966–525б.*

9 *Педагогический словарь. Том II: / И.А. Каиров и др. – Издательство Академия педагогических наук : 1960. – 766 с.*

10 **Яковлева, Н. Ф.** Я47 Проектная деятельность в образовательном учреждении : учеб. пособие. – 2-е изд., стер. – М. : ФЛИНТА, 2014. – 144 с.

11 **Kilpatrick W. H.** The project method: The use of the purposeful act in the educative process // *Teachers College Record.* – 1918. – Vol. 19, № 4. – P. 319–335.

12 **Половникова, Н. Л.** Технология проектной деятельности в работе с детьми дошкольного возраста : Методическая разработка. – Йошкар-Ола : ГБУ ДПО Республики Марий Эл «Марийский институт образования», 2019. – 28 с.

13 **Нурбекова, С. М., Алимбекова, А. А., Кыякбаева** / Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамытуға қолданылатын ұлттық ойын түрлерінің жіктелуі / Педагогика және психология, N3(52), 2022, 263–272 / [Электронный ресурс]. – <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/>

14 **Самойлова, М. В.** Педагогическое проектирование: учебное пособие / М. В. Самойлова. – Симферополь : ИП Хотеева Л. В., 2019. – 124 с.

15 **Түшіген, Г. Б., Жұмабаева, З. Е.** / Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы жобалау технологиясы / «Педагогика және психология» 2(47) 2021, 211–2176 / [Электронный ресурс]. – <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/>

16 **Kuno, Hiroyuki,** Conceptualizing Lesson Study as Change Management Recipe, Teacher Professional Development : Traditions and Changes, – http://www.academia.edu/3570574/Conceptualizing_Lesson_Study_as_Change_Management_Recipe

17 **Виноградова, Н. А., Панкова, Е. П.** «Образовательные проекты в детском саду». Пособие для воспитателей. – М. : Айрисс-пресс, 2008. – 208 с.

18 **Джон Дьюи:** педагогические эксперименты в семье и школе : монография / авт. Е.Ю.Рогачева; Мин-во образования и науки Рос.Федерации, Федер. госуд. бюджетное образов. учр. высш. проф. образования «Владим. гос. ун-т им. А.Г. и Н.Г. Столетовых». – Владимир : ВИТ-принт, 2015. – 180 с.

19 **Веракса, Н. Е., Веракса, А. Н.** «Проектная деятельность дошкольников. Пособие для педагогов дошкольных учреждений». – М. : Мозаика-Синтез, 2008. – 68 с.

20 **Мухатаева, Д. И.** «Социально-педагогическое сопровождение процесса формирования проектной компетентности студентов в системе университетского образования», – диссертация на соискание доктора философии (PhD), – РК, 2018.

References

1 **Zhumabayeva, Z. E., Amirkhanova, B. O.** Zhanartylgan bilim mazmuny ayasynda panaralyk baylanys ornatu [Establishing interdisciplinary links within the framework of the updated educational content] // Nauchnyy zhurnal «Izvestiya KazUMOiMYA imeni Abylay khana seriya «Filologicheskiye nauki», Almaty, – 4 (63) 2021, 153–163. [Electronic resource]. – <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1>

2 **Amonashvili, Sh.A.** Vospitatel'naya i obrazovatel'naya funktsiya otsenki ucheniya shkol'nikov [Educational and upbringing function of assessing schoolchildren's learning]. – 1984. – 296.

3 Kazakhstan Republicasi Ukimetin 2021 zhylygy 15 nauryzdagi No. 137 kaulysymen «Mektepke deyingi tarbieleu men okytudy damytu modeli» bekit ilgen [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

4 «Bilim turaly» Kazakhstan Republikasyn Zany [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

5 **Valeyeva, L. A.** Stanovleniye i realizatsiya didakticheskoy sistemy Dzhona D'yui. [Formation and implementation of the didactic system of John Dewey] Spetsial'nost' 13.00.01 – obshchaya pedagogika, istoriya pedagogiki i obrazovaniya. Avtoreferat dissertatsii na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata pedagogicheskikh nauk, Kazan. – 2008.

6 **Tomina, Ye. F.** Pedagogicheskiye idei Dzhona D'yui [Pedagogical ideas of John Dewey: history and modernity]: istoriya i sovremennost'. – Vestnik OGU № 2 (121) / fevral' 2011. S.360–366

7 **Shchuplenkov, O. V., Shchuplenkov, N. O.** Idei solidarizma v kontseptsii postroyeniya grazhdanskogo obshchestva v Rossii [Ideas of solidarity in the concept of building a civil society in Russia] // NB : Problemy obshchestva i politiki. – 2013. – № 8. P. 72–137.

8 *Filosofskiy slovar'* – /Ed. by R.N. Nurgaliyev, G. G. Akmambeto, Zh.M. Abdil'din i dr. – Almaty : «Kazakhskaya entsiklopediya», – 1966. – 525 p.

9 *Pedagogicheskii slovar'*. Tom II: / I. A. Kairov i dr. – Izdatel'stvo Akademii pedagogicheskikh nauk, 1960. – 766 p.

10 **Yakovleva, N. F.** YA47 Proyektnaya deyatel'nost' v obrazovatel'nom uchrezhdenii [Project activities in an educational institution] : ucheb. posobiye. – 2-ye izd., ster. – Moscow : FLINTA, 2014. – 144s.

11 **Kilpatrick, W. H.** The project method: The use of the purposeful act in the educative process // Teachers College Record. – 1918. – Vol. 19, № 4. – P. 319–335.

12 **Polovnikova, N. L.** Tekhnologiya proyektnoy deyatel'nosti v rabote s det'mi doshkol'nogo vozrasta: Metodicheskaya razrabotka. [Technology of project activities in working with preschool children: Methodological development.] – Yoshkar-Ola : GBU DPO Respubliki Mariy El «Mariyskiy institut obrazovaniya», 2019. – 28 p.

13 **Nurbekova, S. M., Alimbekova, A. A., Kiyakbayeva** – Mektep jasyna deingi balalardyn creativtik aleutin damituga koldanylatyn ulttyk oyin turlerin zhiktelui [Classification of national games used to develop the creative potential of preschool children] / Pedagogika i psikhologiya, – №3(52), – 2022, 263–272 [Electronic resource]. – <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped>

14 **Samoylova M. V.** Pedagogicheskoye proyektirovaniye : uchebnoye posobiye [Pedagogical design: a teaching aid] / M. V. Samoylova. – Simferopol' : IP Khoteyeva L. V., 2019. – 124 p.

15 **Tushigen, G. B., Zhumabayeva, Z. E.** / Mektep zhasyna deingi balalardyn shygarmashylyk kabiletterin damytudagi zhovalau technologiyyasi [Design technology in the development of creative abilities of preschool children] / «Pedagogika zhane psikhologiya» – 2(47). – 2021, 211–217b / <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/>

16 **Kuno, Hiroyuki**, Conceptualizing Lesson Study as Change Management Recipe, Teacher Professional Development: Traditions and Changes, [Electronic resource]. – http://www.academia.edu/3570574/Conceptualizing_Lesson_Study_as_Change_Management_Recipe

17 **Vinogradova, N. A., Pankova, Ye. P.** «Obrazovatel'nyye projekty v detskom sadu» [Educational projects in kindergarten]: – Posobiye dlya vospitateley. M. : Ayriss-press, 2008. – 208 p.

18 **John Dewey.** pedagogicheskiye eksperimenty v sem'ye i shkole : monografiya [Pedagogical Experiments in the Family and School : monograph] / avt. Ye. Rogacheva; Min-vo obrazovaniya i nauki Ros.Federatsii, Feder. gosud. byudzhethnoye obrazov. uchr. vyssh. prof. obrazovaniya «Vladim. gos. un-t im. A. G. i N.G. Stoletovykh». – Vladimir: VIT-print, 2015. – 180 p.

19 **Veraksa, N. Ye., Veraksa A. N.** «Proyektnaya deyatel'nost' doshkol'nikov. – Posobiye dlya pedagogov doshkol'nykh uchrezhdeniy» [«Project

activities of preschoolers. – Manual for teachers of preschool institutions.». – Moscow : Mozaika-Sintez, 2008. – 68 p.

20 Mukhatayeva, D. I. «Sotsial'no-pedagogicheskoye soprovozhdeniye protsessy formirovaniya proyektnoy kompetentnosti studentov v sisteme universitetskogo obrazovaniya» [«Socio-pedagogical support of the process of forming students' project competence in the university education system»], dissertatsiya na soiskaniye doktora filosofii (PhD), RK, 2018.

30.04.25 ж. баспаға түсті.

17.08.25 ж. түзетулерімен түсті.

22.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*З. Е. Жумабаева¹, А. А. Шаяхметова², Г. М. Кажикенова³

¹Международный университет «Астана»,

Республика Казахстан, г. Астана;

²Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова

Республика Казахстан, г. Кокшетау;

³Торайғыров университет,

Казахстан Республикасы, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 30.04.25.

Поступило с исправлениями 17.08.25.

Принято в печать 22.08.25.

ДИДАКТИКА РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ НА ПЛОЩАДКЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

В данной статье рассмотрены теория и практика развития творческих способностей ребенка, парадигма использования технологии исследовательского проекта, инструменты, научно-дидактические основы. В предлагаемой статье собрана информация о видах развития творческих способностей ребенка с помощью технологии исследовательского проекта. В ходе работы были изучены и обобщены научно-дидактические выводы, касающиеся развития творческих способностей ребенка дошкольного возраста в изученных научных трудах. Выделены некоторые единицы проявлений развития творческих способностей ребенка через технологию исследовательского проекта в процессе теории и практики, подчеркнута важность технологии исследовательского проекта, включенной в современную систему образования. В процессе развития

и воспитания дается обзор, анализ, обобщение и обобщение некоторых понятий, определений, касающихся дефиниции в процессе реализации практики. Было сделано стремление раскрыть идею Дьюи в более широком масштабе. В статье изложены позиции, определенные в ходе исследования, касающиеся смысла того, что средством развития творческих способностей ребенка является технология исследовательского проекта. Технология исследовательского проекта проблема как средство развития детей дошкольного возраста детально определена и сформулированы ключевые идеи. Виды технологии исследовательского проекта, выполняемого в современном дошкольном образовательном процессе представлены формы, адаптируемые к особенностям детей дошкольного возраста: технология исследовательского проекта, технология творческого исследовательского проекта, Формат, классифицированный как технология нормативного исследовательского проекта.

Ключевые слова: творческие способности, дидактика развития, технология исследовательского проекта, концепт «обучение через действия».

*Z. E. Zhumabayeva¹, A. A. Shayakhmetova², G. M. Kazhikenova³

¹International University «Astana»,

Republic of Kazakhstan, Astana;

²Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov,

Republic of Kazakhstan, Kokshetau;

³Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 30.04.25.

Received in revised form 17.08.25.

Accepted for publication 22.08.25.

DIDACTICS OF THE DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES IN THE FIELD OF RESEARCH ACTIVITIES

This article discusses the theory and practice of developing a child's creative abilities, the paradigm of using research project technology, tools, scientific and didactic foundations.

The proposed article contains information about the types of development of a child's creative abilities through the technology of a research project. In the course of the work, scientific and didactic

conclusions related to the development of the creative abilities of a preschooler in the studied scientific works were studied, summarized and contained in the article. In the process of theory and practice, some units of manifestations of the development of the child's creative abilities through the technology of the research project are differentiated, and the importance of the technology of the research project included in the modern education system is highlighted. A review of some concepts, definitions related to the definition of the implementation of practice in the process of development and education has been developed, analyzed, summarized and compiled by J. There is a desire to reveal Dewey's idea on a large scale. The article highlights the positions identified during the study regarding the essence of the development of creative abilities of a child - the technology of a research project. The research project technology as a tool for the development of children of preschool age is comprehensively defined and key ideas are embodied. Types of research project technologies implemented in the modern preschool educational process the forms of adaptation to the characteristics of preschool children are presented: research project Technology, Creative Research Project Technology, Regulatory Research Project technology.

Keywords: creativity, didactics of development, technology of the research project, the concept of «learning through actions».

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,19 Kb RAM

Шартты баспа табағы 35,56.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4441

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

4,19 Kb RAM

Усл.п.л. 35,56. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4441

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz